

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Ә.ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ДИЗАЙН КОЛЛЕДЖІ

«Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік» кафедрасы

АШЫҚ САБАҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЫ

«Халықтық кәсіпшілік тарихы және ою-өрнек тарихы» пәнінен

Тақырыбы: «Қазақ халқының ұлттық киімі.»

Орындаған:
арнайы пәндер оқытушысы
Исаева Назым Мархабаевна

Кафедра жиналысында қаралды

«_____» _____ 2022ж.

№ _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Бақырданова А.А.

Шымкент 2022

«Халықтық кәсіпшілік тарихы және ою-өрнек тарихы» пәнінен ашық сабақтың нұсқауы

Курс 3, Тобы: КТ-0-076

Біліктілік: 041312 2 – Көркем заттарды тері мен жүннен жасаушы

Мамандық: 0413000- Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік (бейін бойынша)

Ашық сабақтың өткізілетін күні: 24 қазан, 2022 ж.

Тақырыбы: « Қазақ халқының ұлттық киімі.»

Мақсаты:

Оқушыларға қазақ халқының ұлттық киімімен таныстыру. Ұлттық киімнің түрлері мен осы уақытқа дейінгі өзгеруін қарастыру. Ұлттық киімдегі қолөнердің көрінісін, оюлардың түрлерінің ерекшеліктерін айқындау. Қазақ халқының ұлттық киімі туралы білім беру арқылы, қолөнердің халықтық кәсіпшілікпен тығыз байланысын көрсету.

Міндеттері:

- **Білімділік:** Оқушылар сабақта қазақтың ұлттық киімі туралы нақты білім алады және киім түрлерін ажырата алады. Қазақ халқының ұлттық киіміндегі оюлардың орындалуы туралы түсінік алады. Заманауи ұлттық киіммен ғасырлық киім ерекшеліктерін анықтай отырып, тұжырым жасап үйренеді.
- **Дамытушылық:** Оқушылардың қазақ халқының ұлттық киімін біле отырып, оның қолөнерінің туындысы ретінде қарасақ, көркем шығармашылық белсенділігін арттыру. Сабақ барысында теория мен практикалық дағдыларға сүйене отырып, сәндік қолданбалы өнерін зерттеуге қызығушылығын арттыру, ойын, қиялын, тілін дамыту.
- **Тәрбиелік:** Өз халқының салт – дәстүрін, қолөнерін сыйлауға, құрметтеуге, мақтан етуге, өркендетуге тәрбиелеу. Өз жұмысына деген ұқыптықты, адамгершілікті тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Тақырыпқа қатысты слайд, көрнекіліктер, оқулықтан иллюстрациялар.

Құрал-жабдықтар: дәптер, қалам.

Тақырыпты оқытудың жоспарланған нәтижелері.

- қазақтың ұлттық киімі туралы мәлімет алады;
- ұлттық киім түрлерін біледі;

- қазақтың ұлттық киімінің өзгеріске ұшыраған көрінісін көреді;
- ұлттық киімнің сырт келбетінің өзгеруіне тұжырымдама бере алады;

Түсіндірме жазбасы

Қазақтың халықтық кәсіпшілік түрлерінің ішінен қазақтың ұлттық киімін қарастыратын болсақ, ұлттық киімнің басқа кәсіпшілікке қарағанда, көптеген өзгеріске ұшырағанын байқаймыз.

Қазіргі кезде көптеген отандық киім дизайнерлері дәстүрлі, ұлттық нақышқа бет бұрып, шетелдік апталықтарға, көрмелерге ұлттық киім үлгісіндегі киімдерді негізге ала отырып, қатысады. Ұлттық нақыштағы киім үлгілерін ұсынады. Демек, қазақ қандай да бір экономикалық, саяси, мәдени, рухани дамудың қай кезеңінде, сатысында болмасын өзінің түпкі тамырын сақтай отырып дамиды. Қайсы бір ұлт, ел де осылайынан өзін өзі сақтап қалу үшін өте маңызды екенін түсінеді. Ұлт қазіргі таңдағы ұлт келбетінде бірқалыпты өзгеріссіз өмір сүрген жоқ. Дами келе қазіргі кейіптегі ұлт, дербес ел болып қалыптасты. Ерекше тарихы мен өзіндік тұрпаты бар. Қазақ ұлты да бірден қазақ ұлты болып жоқтан пайда бола салған жоқ. Өзінің ерекшелігін алып келе ел, қазақ ұлты болып қалыптасты.

Ұлттық киімнің қай ғасырдан негізгі тарихи көрінісіне ие болғанын, кейінгі, оның қазақтың мемлекет ретінде дамып, қазақ киімінің одан әрі дамуының жүйелі жолын нақты айта алмаймыз, бірақ белгілі кезеңнен бастап, Өзбекәлі Жәнібеков негізгі мағлұмат берген өзінің «Қазақ киімі» атты кітабында. Онда: «Қазақ киімі құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығының, салқын самалы мен аңызак желінің әсерімен қалыптасқан, бар өмірі көлік үстінде өткен Сарыарқа мен оған іргелес жатқан ұланғайыр кеңістікте көшіп – қонған малшы қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей «жер шұқылап», мал ұстап күн кешкен. Сыр бойындағы, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас – Шу атырабындағы жартылай отырықшы және отырықшы елдің ғасырлар бойы реттеуге көне қоймаған тұйық шаруашылығы мен қарабайыр тіршілігі қалыптастырған заттық – тұрмыстық мәдениеттің бірден – бір көрінісі болғандықтан, өзінің қарапайымдылығымен, үйлесімділігімен, жүріп – тұруға ыңғайлылығымен ерекше.»-делінген. Бір сөйлеммен автор қазақтың бүкіл дүниетанымын айқындап береді.

Қазақ киімдерін зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана кеңінен қолға алына бастады. 1922 – 1926 жылдары Қазақ республикасының астанасы Орынбор қаласының музейі Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Орал, Атырау, Семей, Павлодар аймақтарын аралап, көптеген ұлт киімдері мен өрнектердің, алтын-күмістен жасалған бұйымдардың экспонаттарын жинап, әр облыстағы әртүрлі киім үлгілерін зерттеп қағаз бетіне түсірген. Көптеген киім үлгілері Абай атындағы Опера және балет театры мен М. Әуезов атындағы Қазақ Академиялық драма театрларының эпостық, тарихи

шығармаларды сахнаға шығарудағы ізденістері, архив материалдарымен жұмыс істеу нәтижесінде қалпына келтірілді.

Сол сияқты ілгеріректе жазылған, әрбір, қазақтың ұлттық өнері ой-санасын жай қалдырмайтын, ізденушіге әйгілі «Эхо» - атты кітабында да қазақтың мәдениеті мен өнеріне толыққанды мәлімет береді. Осы сияқты қазақтың киімі мен жалпы қолөнері мен мәдениеті жайлы зерттеу жұмыстары, белгілі кезеңнің көрінісі ретінде жазба деректерде қалған мәліметтер этнограф-ғалымдар, өнертанушылар, философтар, жазушылар, жалпы зиялы қауым өкілдерінің еңбектері арқасында бізге жетті. Мәселен, Ә. Марғұлан, Ч.Мусин, М.С.Мұқанов, Э.А.Масанов, С. Асанова, К.Н.Райымхан, А.Асанова, Ш.Әбдуалиева, Қ.Мұқанов, С.И.Руденко, В.П.Даркевич. Уақытында Қазақ ССР Орталық музейіндегі XIX-XX ғасырдың аралық кезінде жиналған коллекциялар негізінде 1976 жылы, Алматы қаласында жарық көрген альбомда ұлы жүз, орта жүз және кіші жүзге тән киімдер, Айша Ғалымбаеваның салған суреттерімен иллюстрацияланған. Кейінгі кездегі зерттеу нәтижесі ретінде көптеген каталог түрінде де еңбектер жарық көріп жатыр А.Есмаханов, Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік алғалы бері ғана оның өткен тарихына сын көзбен қайта қарау мүмкіндігіне ие болдық. Бұл еліміздегі тарих ғылымының және өнердің, салт - дәстүріміздің жаңа тыныс алуына, жаңа серпіліске ие болуына жол ашты.

Сабақтың жоспары:

- 1. Ұйымдастыру бөлімі. 5 мин**
- 2. Өткен сабақтағы материалды пысықтау. 5 мин.**
- 3. Жаңа сабақты түсіндіру (тақырыбын, мақсатын, міндетін баяндау, мәліметтер келтіру, тақырыпты тереңдей ашу) 20 мин**
- 4. Оқушыларға өзіндік ізденіс жұмыс ретінде берілген тапсырмаларды қабылдау, тыңдау - 20 мин**
- 5. Сабақты қорытындылау. 5мин**

Сабақтың барысы.

1.Ұйымдастыру бөлімі.

1. оқушылармен сәлемдесу;
2. келмеген оқушылар тізімін анықтау;
3. оқушылардың сабақ алдындағы көңіл күйіне назар аудару.

2. Өткен сабақтағы материалды пысықтау. Оқушылармен өткен сабақтағы материалды есіне түсіру және пысықтау үшін «миға шабуыл», «ой шақыру» сұрақтар беру:

1. қазақ халқы қандай кәсіппен айналысқан?

2. киіз басу кісібі?
3. текемет басу әдісі?

3. Жаңа сабақты түсіндіру.(тақырыбын, мақсатын, міндетін баяндау).

Қазақ халқы, өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Бұдан біз халық творчествосының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен тығыз байланысты екенін көреміз. Қазақ халқы киім тігуге мал жүнінің ең асылы түйе, қой жүндерін, ешкі түбітін пайдаланған. Түйе жабағысынан әртүрлі жеңіл де жылы күпі тігілген. Иірілген түйе жүнінен шекпен тоқыған. Шудасынан жамау-жасқаулық жіп иіріп, осы шуда жіппен тон-шалбар тіккен.

Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі күскен, жеңіл байпақ тіккен. Киімнің арасына салып және киім тоқуға да пайдаланған. Ал күзем жүннен, қозы жүнінен қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалған. Ешкінің түбіт жүнін иіріп мойын орауыш, шәлі, шұлық, қолғап сияқты жылы әрі жеңіл киімдер тоқыған. Қазақ талғамында ешкі түбіті түйе жүнінен де қымбат, жібекпен теңдес саналған.

Қазақ шеберлері мал жүнінен басқа қоянның жүнін, құстың қауырсынын іске жаратқан. Қоянның жүнінен жылы мойын орауыш, қолғап, шұлық, бөкебай тоқыған.

Олар адамның дене мүшелеріне сәйкес баскиім, иықтық киім, белдік киім, аяқкиім деп жіктеледі. Пайдалану, тұтыну ерекшеліктеріне байланысты күнделікті, сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусым аралық және жаздық киімдер болып бөлінеді.

Жас және жыныс ерекшелігіне қарай: сәби киімі (ит көйлек, сылау тақия), бала киімі (кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі (тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі (желбіршекті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі (сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі (көйлек, кимешек, жаулық, қамзол, кебіс-мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері (шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал, саптама етік, кебіс-мәсі) деп түрлерге жіктелінеді.

Бала туғанда ит көйлек пен басына сылау тақия кигізіп, қырқынан шыққан соң адал жейде, содан өсе келе, кішкентай бешпент, шапан, шалбар тігіп кигізген. Тұмар үкі қадайды және бала шапаны бешпентінің иығына, әсіресе адам көзіне оңай түсе бермейтін киім бөліктеріне жейденің жағасына, бешпенттің ішкі қолтығына тұмар тігіп қояды деп жазады этнограф Х. Арғынбаев. Бұл көз сұқтан сақтандыру рәсімі. Балалардың кепештеріне үкі тағып сәндеген. Аяқтарына жұмсақ былғарыдан кішкентай мәсі, бопыш, бөйтік (теріден тігілген аяқкиім) кигізген. Балалардың киімдерін жас ерекшелігіне сай сәндеген. Әртүрлі ою-өрнек, әшекей маржандар таққан.

Қазақтың киімінің тәуірін ежелден қыз-келіншектер киген, әшекейдің де ең асылын осылар таққан. Жас қыздар бүрмелі етектегі көйлек, бешпет, қамзол, қынама бел киімдер, бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар бастарына кәмшат бөрік, сәндеп өрнектеген ақ шыт орамал тартқан. Әсіресе ұзатылатын қызды үлдемен бүлдеге ораған. Гр. Андреев өзінің 1915 жылдары жазған «Киргизский той» деген еңбегінде былайша суреттеген: «Киімнің ең жақсысы қалыңдықтың үстінде. Желбіршекті жібек көйлекпен, барқыт қамзолдың сыртынан кигені жібек көк бешпет, иығына жамылғаны парша шапан. Қос бұрымында сылдыраған күміс шашбау, басына майда күміс теңгелермен әшекейленіп, төбесіне үлбіреген үкі қадалған «қыз қалпақ». Қыздың ұзатыларда киетін киімі қымбат маталардан тігілді. Асыл тастармен, моншақталған желегі бар сәукеле – қыздың оң жақта отырғандағы баскиімі. Күйеуінің ауылына жеткен соң басына жаулық салынады». Тұрмысқа шыққан қыздар алғашқы жылы сәукеле, күнделікті өмірде желек киген. Жас келін үлкен кісілерді көрген кезде бетін желегімен көлегейлеп, яғни иба көрсеткен. Бірнеше балалы болып, әлеуметтік статусы бекіп болған соң кимешек, шылауыш киген. Кимешекті қызыл жіппен шым кестелеп кесе, күйеуі барлығын, ал ақ жіппен жай ғана су тартып кесе жесір әйел екендігін көрсеткен. Шылауышты кимешектің үстінен тартқан. Әйелдер тері былғары мәсі, кебіс киеді. Қыста әйелдер ішік киген.

Қазақ әйелі ұзын жең, кең етек көйлек кигенімен бет-жүзін тұмшаламаған. Әйел киімдерін әшекейі мен ажары жағынан қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деген төрт топқа арнап тіккен.

Жігіт, боз балалар кестелі тақия киген. Кейде ақ шытты бір шекесіне түйе салып, тоқалдай тартатын болған. Аяқтарына көксауырмен оймышталған, өкшесі құймаланған етік киген. Барқыттан шапан, құймаланған алтынмен аптап, күміспен күптелген белбеу буынған. Қарттар шаштарын қырып алып тастайтын болғандықтан сырмалы баран өңді кепеш үстінен пұшпақ, елтірі, түлкі тымақтар киген. Қазақ халқы баскиімді қастерлеп, оны аяққа баспай, биік жерге іліп қояды.

Шал, қариялар шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал киіп, аяқтарына саптама етік, кебіс-мәсі киген. Еркек киім-кешегінде кездесетін ақбөкен, құлын терілерінен түсіне қарай іріктеп құрастырылатын бешпент, көкірекше, кеудеше, жарғақ шалбар аса сыпайы киім үлгілері болып есептелген.

Әлеуметтік дәрежесіне, сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай қазақ халқы арасында бай, би, сұлтан (бас киім мұрақ), бақсы, сал-сері (жарғақ шалбар, мауыты, шәйі көйлек), малшы, аңшы (шекпен, кебенек, сырттық, күләпара), балуан, батыр (қаттама), киімдері деп те бөлінеді.

Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдердің ең жақсы көрнектісін киген.

Қыздардың бөріктері алқалармен және төбесіне үкінің, көк құтанның немесе тотының үлпек қауырсындары тағылып сәндендіріледі. Қыздардың күндыз, кәмшат терісімен жиектелген бас киімдері “кәмшат бөрік” деп, алтынмен кестеленгені “алтын бөрік”, маржандармен әшекейленгені “қалмаржан бөрік” деп аталды. Барқыттан немесе қамқадан тігілген жаздық жеңіл бас киім – “тақия” үкінің үлпек қауырсынымен, күміс және алтын кестелермен әшекейленді. Әйелдердің бас киімдері арасынан неғұрлым өзіндік сән-салтанатымен ерекшеленетін қыздардың тұрмысқа шығардағы бас киімі – сәукеле болды. Төбесі үшкірленіп, биік етіліп тігілетін ол алтын және күміс тиындармен, інжу-маржандармен, алқалармен безендірілді. Алғашқы нәрестесі дүниеге келісімен жас әйел ақ матадан тігілетін бас киім – кимешек киген. Қазақ халқының ұлттық киімдеріндегі бас киімді былайша топтастыруға болады: 1) ерлер бас киімі: шыт, кепеш (құстандай, қолкесте, бізкесте түрлері бар), үшкүлдір, жекей, жапетер, тақия (зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа, т.б.), құлақшын, бөрік, жалбағай, қалпақ, құлақты тымақ, құлапара, қырпу (іштік бөрік); 2) әйелдер бас киімі: сәукеле, бөкебай, қарқара, кимешек, күндік, желек, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), бүркеніш, бергек, қасаба, тақия, шылауыш, жаулық. Қыста киетін бас киімдер қымбат, қалың матамен тысталады.

4. Жаңа тақырыпты пысықтау (жаңа тақырып бойынша өзіндік жұмыс)

Өзіндік жұмыс оқушылардың берілген тапсырмаларын көрсетеді.

Өзіндік жұмыс ерекшелігі:

Әр оқушы қазақтың ұлттық киімі жайында қызықты мәлімет, өзіндік жұмыс ретінде ізденіс жұмыстарын дайындап, қорғайды.

5. Сабақты қорытындылау.

1. Оқушыларды орындаған тапсырмаларына қарап бағалау.
2. Оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін атап өту.
3. Әр оқушының өзінің орындаған жұмысын қорғауы.

6. Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ халқының қолөнері» С.Қасиманов, Алматы 1969ж
2. «Қазақ киімі» Өзбекәлі Жәнібеков.- Алматы: Өнер. 1996
3. kk.wikipedia.org Қазақтың ұлттық киімі
4. [almatykitap.kz>upload/files/67724_794217_15.pdf](http://almatykitap.kz/upload/files/67724_794217_15.pdf)

Қорытынды

«041312 2 – Көркем заттарды тері мен жүннен жасаушы» біліктілігіндегі болашақ маман иелері біліктілік алу барысында негізгі модульдерінің бірі «Халықтық кәсіпшілік тарихы және ою-өрнек тарихы» пәнінде қазақтың халықтық кәсіпшілігімен танысып, толық курсын өту міндетті. Таңдалған ашық сабақтың тақырыбы осы курстың кезекті тақырыбы болып табылады. Тақырып тікелей ұлттық өнердің негізгі бөліктерін қамтиды. Тапсырма ретінде берілген ізденіс жұмысы тақырыпқа қатысты мәліметтер тауып, қорғайды. Оқушылар өзіндік ізденіс жұмыс жасаудағы мақсат, оқушылар болашақ маман иесі ретінде, ізденуші маман ретінде өзін өзі әрдайым ізденпаздылыққа құштар етіп, қызығушылығын арттыру үшін керекті дағды деп есептеймін. Оқушы тақарапты ашуды, ізденген мәліметті саралауға үйренеді. Сабақтың қорытындысы ретінде оқушылардың орындалған тапсырмалары ұсынылады, мақсаты мен міндеттері толық орындалып, нәтижелері сабақты қорытындылайды. Оқушылар тақырыпты түсініп, сабақ барысындағы сұрақтарға толық жауап беріп, белсенділік танытып отыруы сабақтың жемісті өтілуін сипаттайды.

Оқушылар сабақ соңында өз жеке пікірлерімен бөліседі. Әр оқушының табылған мәліметі өзімен талқыланып қорғалады, соның нәтижесінде баға қойылады. Бағалар бағалау шарттарына сәйкес қойылады.

ҚОСЫМШАЛАР



Бөрік




Кимешек



Сәукеле



Тымақ – аң, мал терісінен жасалған қыстық бас киім.



Бөрік – жиегіне аң терісін салған, төбесіне үкі қадалған, сырты әшекейленген, ерлер де, қыздар мен жас келіншектер де киегін бас киім.



Тақия – қыздардың үкілеген, әсем зергерлік бұйымдар тағылған бас киімі.




Қасаба – қымбат мағадан тігілетін қыздардың бас киімі.



Төбетей – төбеге киегін жаздық шағын бас киім.



Құлақшын (малақай) – қыстық бас киім.



Жалбағай – малшылардың жаздық бас киімі.



Іштік киімдер

1. Іштік киімдер



камзол



кеудеше



бешпент



шалбар



дамбал



жиде

Сыртқы (өң) киімдер



Жадағай шапан.



Жарғақ.



Күпі



Сырғали шапан.



Топ.



Шидет.



Костюм девушки.
90-е годы XX в. Астанинская область.



Польный костюм женщины.
Начало XX в. Астанинская область. Бешмет баулатный, вышит золотом.



Полный костюм песты.
Начало XX в. Астанинская область.



Аяқ киімдер
(мәсі, саптама етік)



WWW.KAMLA.KZ



10

© Хамзаев Е. Х., 2007



Әйел
етігінің
үлгісі

